

У.М. Сермағамбет\* , Г.С. Смагулова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: s\_omit@mail.ru

## ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ТЕҢСІЗДІГІН ЕҢСЕРУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы өңірлері арасында едәуір өңірішілік әлеуметтік-экономикалық дифференциация жағдайы сақталып отыр. Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы теңсіздік, бұл әлеуметтік-экономикалық саясатты жүргізуге, ел экономикасының тиімділігіне, елдің тұрақты дамуына айтарлықтай кедергісін келтіреді. Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық асимметриясының қалыптасқан мәселелерін шешу әлеуметтік-экономикалық кеңістікті басқаруда жүйелі тәсілді қалыптастыру мен қолданудан, өңірлік саясаттың заманауи құралдарын қолданудан, жеке инвестициялық ресурстарды шоғырландыру негізінде өңірлік нарықты реттеу жүйесін құрудан тұрады, бұл бүкіл ел бойынша, сол сияқты жекелеген өңірлер ішінде аумақтардың асимметриясын тегістеуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты аумақтарды өңірішілік саралау ауқымын қысқартуға қабілетті аумақтық дамудың өңірлік саясатын жетілдіру қажеттілігі туындайды. Салдары проблемалық аумақтардың пайда болуына әкелетін, өңірлердің теңсіздігінің күшеюінің алдын алу, дифференциациясын бағалау және оны төмендету бағыттарын ұсыну мақаланың мақсаты болып табылады.

Мақалада өңірлердің әлеуметтік-экономикалық теңсіздік мәселелері талданады, өңірлер даму деңгейлері бойынша топтастырылады, мемлекеттің өңірлік саясатын жетілдіру шаралары ұсынылады.

Теңсіздік мәселелерін зерттеу үшін жүйелік талдау әдістемесі, салыстырмалы талдау әдістері, статистикалық әдістер қолданылды. Зерттеудің эмпирикалық базасын Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының деректері құрады.

**Түйін сөздер:** өңір, әлеуметтік-экономикалық дамудағы теңсіздік, дифференциация, жалпы өңірлік өнім, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы.

U.M. Sermagambet\*, G.S. Smagulova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: s\_omit@mail.ru

## Ways to overcome the inequality of socio-economic development of the regions of Kazakhstan

Currently, there is a significant intraregional socio-economic differentiation between the regions of the Republic of Kazakhstan. Inequality in the socio-economic development of the regions, which significantly impedes the implementation of socio-economic policy, the efficiency of the country's economy, and the sustainable development of the country. The solution to the existing problems of socio-economic asymmetry of regions consists in the formation and application of a systematic approach to the management of socio-economic space, the use of modern tools of regional policy, the creation of a system of regulation of the regional market based on the concentration of private investment resources, which will smooth out the asymmetry of territories both throughout the country and within individual regions. In this regard, there is a need to improve the regional policy of territorial development, which can reduce the scale of intraregional differentiation of territories. The purpose of the article is to prevent, assess differentiation and suggest ways to reduce it, the consequences of which lead to the emergence of problem areas, increasing regional inequality.

The article analyzes the problems of socio-economic inequality of the regions, the regions are grouped by levels of development, and suggests measures to improve the regional policy of the state.

To study the problems of inequality, the methodology of system analysis, methods of comparative analysis, and statistical methods were used. The empirical base of the study was made up of data from the National Bureau of Statistics of the Republic of Kazakhstan.

**Key words:** region, inequality in socio-economic development, differentiation, gross regional product, socio-economic development of the region.

Ү.М. Сермағамбет\*, Г.С. Смағұлова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: s\_omit@mail.ru

### Пути преодоления неравенства социально-экономического развития регионов Казахстана

В настоящее время сохраняется состояние значительной внутрирегиональной социально-экономической дифференциации между регионами Республики Казахстан. Имеющее место неравенство в социально-экономическом развитии регионов существенно препятствует проведению социально-экономической политики, эффективности экономики страны, устойчивому развитию страны. Решение сложившихся проблем социально-экономической асимметрии регионов заключается в формировании и применении системного подхода к управлению социально-экономическим пространством, применению современных инструментов региональной политики, созданию системы регулирования регионального рынка на основе концентрации частных инвестиционных ресурсов, позволяющему сгладить асимметрию территорий как по всей стране, так и внутри отдельных регионов. В этой связи возникает необходимость совершенствования региональной политики территориального развития, способной сократить масштабы внутрирегиональной дифференциации территорий. Целью статьи является предупреждение, оценка дифференциации и предложение направлений по ее снижению для предотвращения возникновения проблемных территорий и усиления неравенства регионов.

В статье анализируются проблемы социально-экономического неравенства регионов, регионы группируются по уровням развития, предлагаются меры по совершенствованию региональной политики государства.

Для исследования проблем неравенства использовались методология системного анализа, методы сравнительного анализа, статистические методы. Эмпирическую базу исследования составили данные Национального бюро статистики Республики Казахстан.

**Ключевые слова:** регион, неравенство в социально-экономическом развитии, дифференциация, валовой региональный продукт, социально-экономическое развитие региона.

#### Кіріспе

Әлемнің барлық елдерінде – географиялық жағдайының, табиғи-климаттық жағдайларының, демографиялық ахуалдың, даму тарихының және басқа да факторлардың айырмашылығына байланысты өңірлер әлеуметтік-экономикалық дамудың әртүрлі деңгейіне ие, соған байланысты салыстырмалы түрде өркендеген және артта қалған өңірлер бар (Voroshilov, 2018). Бұл көптеген маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелерді тудырады. Кез келген мемлекеттің міндеті – жағымсыз жоғары өңірлік диспропорцияның пайда болуына әкелетін жеке-леген өңірлердегі ерекше өткір дағдарыстық әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және басқа да жағдайларға жол бермеу болып табылады. Сондықтан әрбір мемлекет артта қалған өңірлерде өмір сүру деңгейін жақсартуға, яғни жағдайларды теңестіруге және олардың даму деңгейін арттыруға бағытталған өңірлік саясатты жүргізуге ұмтылады.

Өңірлік экономикалық жүйеде құрылымдық байланыстардың біркелкі еместігі және әлеуметтік-экономикалық өңірлік және салалық теңсіздіктің күшеюі көптеген өңірлерге тән, бұл өз алдына қоғамның әлеуметтік-экономикалық

өміріндегі дағдарыстардың нақты қаупін білдіреді (Zakharov, 1999).

Жалпы кең мағынасында дифференциация қасиеттердің, жағдаяттардың және процестердің айырмашылықтары немесе теңсіздігі деп түсініледі (Kutscherauer, 2008). Зерттеушілер асимметрияның 2 түрін – сапалық және сандық, сонымен қатар өңірлік асимметрияның бірнеше формалары: экономикалық, әлеуметтік және әлеуметтік-экономикалық жағын ажыратады (Lavrovsky, 1999; Masakov, 1998). Өңірлік асимметрияны екі тұрғыдан қарастыруға болады – саяси-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық категория ретінде, өңірлік экономикалық кешендердің қасиеттері мен өлшемдерінің олардың критериялық көрсеткіштерінен тұрақты ауытқуын көрсетеді (Kulikov, 2000). Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын іске асыру жағдайында елеулі теңсіздіктің болуы бар айырмашылықтарды ескере отырып, өңірлік дамуды егжей-тегжейлі талдауды және жоспарлауды талап етеді.

Сондай-ақ, өсіп келе жатқан дербестікке ие өңірлер өздерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайының динамикасының мүмкіндіктерін анықтайды және бұл елдің кеңістіктік дамуының біркелкі емес деңгейіне айтарлықтай әсер

етеді. Әр түрлі бастапқы әлеует, Қазақстан өңірлерінің объективті және субъективті түрде қалыптасқан біркелкі емес даму қарқыны олардың арасындағы әлеуметтік-экономикалық жағдай көрсеткіштеріндегі айырмашылықтар мен асимметрияны көрсететін айтарлықтай сәйкессіздіктердің пайда болуына әкелді, олардың мәні нарықтық реформалар жылдарында күшейе түсті. Мысалы, егер 2000 жылға қарай 1 адамға келетін жалпы өнім көрсеткіштері бойынша ең жоғары және ең төмен мәндері бар өңірлер арасындағы айырмашылық шамамен 9 есе құраса, қазіргі уақытта ол 15 есеге дейін өсті (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі). Бір мемлекетте «көшбасшы» және «артта қалған» өңірлердің пайда болуы көптеген экономикалық және әлеуметтік мәселелерді тудырады, оның жұмыс істеу тұрақтылығын төмендетеді және оларды саяси шешімдердің қажеттілігі деңгейіне шығарады.

### Әдебиеттерге шолу

Экономикалық және әлеуметтік дамудың өңірлік аспектілеріне назар аударудың артуы қазіргі уақытта өндірісті орналастыру және өңірлік даму саласындағы теориялық зерттеулердің айтарлықтай кеңеюіне әкелді.

Өңірлік дифференциация мәселесінің тарихы терең. Көптеген тұжырымдамалар өңірлердің біркелкі емес дамуын түсіндіруге тырысты. Бастапқыда неоклассикалық модельдер деп аталатын өңірлік тепе-теңдік теориялары басым болды, кейінірек өңірлік теңгерімсіздік теориялары қолданылды. Осы екі топтың басты айырмашылығы – кейбір авторлар даму деңгейіне сәйкес өңірлерді теңестіруге қажеттілігін талап етеді, ал басқалары, керісінше, дифференциация процестерінде өркендеген аумақтардың өсу әлеуетін көреді.

Неоклассикалық бағыттың өңірлік экономикалық өсуінің теориясы мен модельдері кеңістіктік факторларды қоса отырып, аумақтың өндірістік әлеуетін анықтайтын факторларға негізделген. Бұл модельдердегі өңірлердің біркелкі дамымауы тепе-теңдіктен уақытша ауытқулармен немесе экзогендік соққыларға жауап ретінде жетілмеген түзетулермен түсіндіріледі, сондықтан ұзақ мерзімді перспективада ол жоғалып кетуі керек және экономикалық дамудың аймақтық деңгейлері жақындасуы керек.

Өңірлік өсудің неоклассикалық бағытының ең көрнекті өкілдері – Дж. Борте, Х. Зиберт,

Р. Солоу, Т. Сван, Г. Мэнкью, Д. Ромер, А. Уэйл, Р. Барро, Х. Сала-и-Мартин, Р. Холл және Ч. Джонс болып табылады (Гаджиев, 2009).

Ең дамыған тұжырымдаманы Х. Зиберт ұсынды. Ол өндіріс функциясын қолданады, онда өңірдегі ықтимал өндіріс көлемі капитал, еңбек, жер және техникалық білім көлемі сияқты шығындардың қолма-қол түрлеріне байланысты орналастырылады. Өңірдің географиялық ерекшеліктерін ескеру үшін Зиберт өзінің моделіне көлік шығындары мен әлеуметтік жүйенің ерекшеліктерін қосады. Сонымен қатар, көлік шығындары оның еңбек, капитал және жер параметрлеріне байланысты үш компонентке бөлінеді – осылайша аумақтың кеңістіктік біртектілік әсері ескеріледі. Өңірдің әлеуметтік жүйесінің ерекшеліктері экономикалық өсудің ішкі детерминанттары ретінде танылады. Сонымен қатар, жеке факторлардың өзара алмасу мүмкіндігіне жол беріледі. Олардың агрегаттық өсуге қосқан үлесі аймақтар бойынша әр түрлі болуы мүмкін. Оқшауланған аймақты қарастырудан басқа, Зиберт елдің басқа бөліктерімен және шет мемлекеттермен тығыз экономикалық байланыстарға ие, аймақтың экономикалық өсуінің сыртқы детерминанттарын зерттейді (Siebert, 1969).

Кумулятивті өсу теориялары базалық моделі Ж. Мюрдалға тиесілі. Ол негізінен мамандандыру мен масштабты үнемдеудің көмегімен бүкіл елдердің мысалында уақыт өте келе аумақтың шамалы артықшылығы өсіп, байытылуы мүмкін екенін көрсетеді. Бұл позицияның өңірлерге таралуы Мюрдальді белгілі бір елді мекендердің, өсу орталықтары (полкостер) деп аталатын артықшылықтар олардың дамуының артуына әкеледі, ал артта қалған өңір одан сайын артта қалады деген қорытындыға әкелді. Әр түрлі өңірлердің өсуіндегі айырмашылықтарды сақтауға ықпал ететін негізгі фактор – ірі қалалық агломерация, ол кәсіпорындар үшін тартымды, себебі өндірістік шығындарды үнемдеуге болады.

Өңірлік өсу экономиканың мамандануының дамуымен, өндірісті масштабтау процестерін қолдана отырып қамтамасыз етіледі және олар жақын маңдағы аумақтарға «кумулятивті» түрде таралады («әр түрлі әсерлер» деп аталады) (Мюрдаль, 1972).

Қазіргі кезеңде жаһандану және интеграция жағдайында әлеуметтік-экономикалық дамудың шешілмеген мәселелерінің бірі өсіп келе жатқан өңіраралық экономикалық дифференциация болып табылады. Экономикалық кеңістіктің біркелкі еместігі ұлттық экономиканың құры-

лымы мен тиімділігіне, институционалды қайта құру тактикасы мен стратегиясына, кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатына айтарлықтай әсер етеді. Экономикалық кеңістіктің біркелкі емес дамуының тереңдеуінің сөзсіз салдары проблемалық аумақтардың пайда болуы болып табылады.

### Әдіснама

Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы теңсіздігін бағалауда ең негізгі қарапайым көрсеткіш – дифференциация коэффициентін есептеу ұсынылды, бұл жерде таңдалған көрсеткіштің оның ең жоғарғы мәніне қол жеткізілген өңір бойынша осы көрсеткіштің ең төменгі мәні бар өңір бойынша ұқсас көрсеткішке қатынасы ретінде анықталады.

$$Kd = \max Pr / \min Pr. \quad (1)$$

Кеңістіктік теңсіздік дәрежесін және Қазақстан аумағының экономикалық дамуының

негізгі трендтерін талдау үшін мынадай көрсеткіштерді пайдалану ұсынылады: жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ), жан басына шаққандағы ЖӨӨ, халық саны бойынша экономикада жұмыспен қамтылғандар саны, өнеркәсіп өнімінің көлемі, негізгі капиталға инвестициялар көлемі, бөлшек сауда көлемі, көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау көлемі (Сатыбалдин, 2017: 164).

Сондай-ақ, мақалада аумақтың экономикалық әлеуетін және оның бәсекелестік артықшылықтарын интегралды бағалау әдістері қолданылады.

Өңірлердің экономикалық әлеуеті және оның бәсекелестік артықшылықтарын бағалаудың жалпы интегралдық индексі келесі формула бойынша есептеледі:

$$I_{\text{оба}} = \sum K_{\text{жӨӨ}} + K_{\text{ӨӨК}} + K_{\text{НКИК}} + K_{\text{БСК}} + K_{\text{Э}} + 1/K_{\text{ХҮ}} + 1/K_{\text{ЖД}} + K(\text{ож}). \quad (2)$$

Бұл әдіснамалық инструментарийді қолдану арқылы өңірлерді бағалау нәтижелері көптеген кешенді мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

1-кесте – Аумақтың экономикалық әлеуетін бағалау индикаторлары

№	Индикатор және есептеу формуласы	Шартты белгілері
1	ЖІӨ коэффициенті $K_{\text{жӨӨ}}$ , $K_{\text{жӨӨ}} = \text{ЖӨӨ} / \text{ЖІӨ}$	ЖӨӨ – жалпы өңірлік өнім ЖІӨ – жалпы ішкі өнім
2	Өңірдің өнеркәсіптік өндіріс көлемінің коэффициенті $K_{\text{ӨӨК}}$ , $K_{\text{ӨӨК}} = \text{ӨӨК}_o / \text{ӨӨК}_e$	ӨӨК <sub>o</sub> – өңірдің өнеркәсіптік өндіріс көлемі ӨӨК <sub>e</sub> – елдің өнеркәсіптік өндіріс көлемі
3	Өңірдің негізгі капиталына инвестициясының көлемі коэффициенті $K_{\text{НКИК}}$ , $K_{\text{НКИК}} = \text{НКИК}_o / \text{НКИК}_e$	НКИК <sub>o</sub> – өңірдің негізгі капиталына инвестициясының көлемі НКИК <sub>e</sub> – елдің негізгі капиталына инвестициясының көлемі
4	Өңірдің бөлшек саудасының көлемі коэффициенті $K_{\text{БСК}}$ , $K_{\text{БСК}} = \text{БСК}_o / \text{БСК}_e$	БСК <sub>o</sub> – өңірдің бөлшек сауда көлемі БСК <sub>e</sub> – елдің бөлшек сауда көлемі
5	Өңірдің экспорт көлемі коэффициенті $K_{\text{Э}}$ , $K_{\text{Э}} = \text{Э}_o / \text{Э}_e$	Э <sub>o</sub> – өңірдің экспорт көлемі Э <sub>e</sub> – елдің экспорт көлемі
6	Табысы минималды күнкөріс деңгейінен төмен өңір халқының пайыздық үлесінің коэффициенті $K_{\text{ХҮ}}$ , $K_{\text{ХҮ}} = \text{ХҮ}_o / \text{ХҮ}_e$	ХҮ <sub>o</sub> – табысы минималды күнкөріс деңгейінен төмен өңір халқының пайыздық үлесінің көрсеткіші ХҮ <sub>e</sub> – табысы минималды күнкөріс деңгейінен төмен ел халқының пайыздық үлесінің көрсеткіші
7	Өңірдің жұмыссыздық деңгейінің коэффициенті $K_{\text{ЖД}}$ , $K_{\text{ЖД}} = \text{ЖД}_o / \text{ЖД}_e$	ЖД <sub>o</sub> – өңірдің жұмыссыздық деңгейі ЖД <sub>e</sub> – елдің жұмыссыздық деңгейі
8	Өңірдің орташа жалақысының коэффициенті $K_{\text{ож}}$ , $K_{\text{ож}} = \text{ОЖ}_o / \text{ОЖ}_e$	ОЖ <sub>o</sub> – өңірдің орташа жалақысы ОЖ <sub>e</sub> – елдің орташа жалақысы


Дереккөз: Сатыбалдин, 2017: 164

## Нәтижелер мен талқылау

Өңірлік теңсіздіктер әлемнің көптеген елдеріне тән, Қазақстан бұл жерде бірегей емес. Қазақстан Республикасының аумағы 14 облыстан, 3 республикалық маңызы бар қаладан тұрады. Нақтыланған деректер бойынша халық саны – 18.8 млн адам. Елдің аумақтық және

экономикалық даму ерекшеліктеріне байланысты, аумақ әлеуетінің біркелкі дамымауы бар. Осы құбылыстың негізгі себептерін және бірқатар облыстардың мысалында экономикалық кеңістіктің сапасын бағаласақ.

Қазақстан өңірлерінің экономикасының құрылымына қарай келесідей категорияға бөлуге болады (1-сурет).



1-сурет – Қазақстан өңірлерінің экономикасының құрылымына қарай топтарға бөлінуі  
Ескерту – (Мухтарова, 2016) дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Егер мұнай өндіруші және өнеркәсіптік өңірлерде көптеген экономикалық көрсеткіштер бойынша жағдай әл-ауқаты жоғары болса, ал елдің ауыл шаруашылығымен айналысатын өңірлерінде күрделі болып қалуда. Қазақстан өңірлеріндегі жалпы жағдай өнеркәсіптік өсудегі, инвестициялардағы, кірістердегі және бағалардағы елеулі айырмашылықтармен сипатталады.

Елдің экономикалық даму деңгейін, экономиканың жеке секторларының қызмет ету тиімділігін көрсететін маңызды көрсеткіш – жан басына шаққанда есептелетін ЖӨӨ. Бұл жалпыланған көрсеткіш арқылы аумақтық айырмашылықтардың нақтыланған бейнесін алуға болады (2-кесте).

Осы көрсеткіш бойынша елдің әрбір өңірінің орнын айқындау үшін оларды ранжирлеу жүзеге асырылды, бұл ретте Қазақстан өңірлерінің саны бойынша ең жоғары көрсеткіші бар өңірге 1 дәреже, ал ең төмен көрсеткіші бар өңірге 17 дәреже берілді. Еліміздің басты асыраушыларының мекен-жайын өңірлердің Қазақстанның ЖІӨ-ге қосқан үлесі жөніндегі

статистикаға сүйене отырып байқауға болады. Кестеде өнімнің негізгі өндірушілері Атырау облысы, Алматы және Нұр-Сұлтан қалалары болып табылатындығы көрсетілген. Артта қалған өңірлердің қатарына негізгі мамандануы ауылшаруашылық саласы болып табылатын Жамбыл және Түркістан облыстары кіреді.

Республикада жүзеге асырылып жатырған өңірлерді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаларда «Өңірлер арасында жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша дамудың алшақтығы» деп аталатын нысаналы индикатор маңызды болып табылады (Өңірлерді дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2019). Ол өзінің мазмұны бойынша өңірлер арасындағы әлеуметтік-экономикалық дифференциация деңгейінің нақты көрінісін көрсетуі тиіс. 2019 жылғы көрсеткіш бойынша жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша ең жоғары көрсеткішті Атырау облысы – 14584,4 мың теңге және ең төмен көрсеткішті – 1008,1 мың теңге Түркістан облысы көрсеткен және ондағы айырмашылық 15 есені құрады. Осы көрсеткішке қарай отырып, Қазақстан

өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан жоғары дифференциация тән екенін байқауға болады. ЖӨӨ теңгерімсіздігінің көрсеткішінен, әлеуметтік-экономикалық тең-

сіздіктің жекелеген көрсеткіштеріне, яғни басқа таңдалған көрсеткіштер бойынша дифференциалдау коэффициенттерін есептесек (3-кесте).

**2-кесте** – Қазақстан Республикасы өңірлері бойынша жалпы өңірлік өнімнің жан басына шаққандағы үлесі және оның деңгейі бойынша Қазақстан өңірлерін ранжирлеу, мың тг.

Қазақстан өңірлері	2016	Ранг	2017	Ранг	2018	Ранг	2019	Ранг
Ақмола	1 818,2	10	2 107,8	11	2 301,0	13	2621,2	11
Ақтөбе	2 464,9	8	2 749,7	8	3 136,0	8	3396,8	8
Алматы	1 114,2	14	1 235,8	14	1 378,2	15	1585,5	15
Атырау	8 653,1	1	9 685,1	1	12 465,5	1	14584,4	1
Батыс Қазақстан	3 179,8	5	3 628,4	5	4 295,8	5	4501,2	5
Жамбыл	1 062,7	25	1 210,0	15	1 366,3	16	1518,8	16
Қарағанды	2 682,6	6	3 100,9	7	3 431,9	6	3911	7
Қостанай	1 727,0	11	2 108,9	10	2 367,0	10	2815,9	10
Қызылорда	1 701,1	12	1 839,0	13	2 088,1	11	2289,1	13
Маңғыстау	3 880,6	4	5 058,8	4	5 682,5	4	5352,8	4
Павлодар	2 606,9	7	3 134,3	6	3 641,1	7	4023,3	6
Солтүстік Қазақстан	1 621,0	13	1 985,9	12	2 177,7	12	2505,9	12
Оңтүстік Қазақстан	975,3	16	1 097,7	16	-	-	-	-
Түркістан	-	-	-	-	838,2	17	1008,1	17
Шығыс Қазақстан	2 006,0	9	2 289,5	9	2 598,8	9	2929,2	9
Нұр-Сұлтан қ.	5 273,3	3	5 766,2	3	6 359,5	3	7075,8	3
Алматы қ.	6 138,5	2	6 694,2	2	6 635,9	2	7183,9	2
Шымкент қ.	-	-	-	-	2 217,1	14	2152,1	14

Ескерту – (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі) дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

**3-кесте** – Қазақстан өңірлерінің экономикалық дамуын кеңістіктік саралау коэффициенттерінің динамикасы

Кеңістіктік дифференциация коэффициенттері	2016	2017	2018	2019
ЖӨӨ бойынша	11,5	10,7	10	9,8
Жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша	8,9	8,8	14,9	14,5
Экономикада жұмыспен қамтылғандар саны бойынша	3,9	3,6	3,4	3,4
Халық саны бойынша	4,9	3,5	3,6	3,7
Өнеркәсіп өнімінің көлемі бойынша	22,7	22,9	29,1	29,9
Негізгі капиталға инвестициялар көлемі бойынша	12,2	12,9	17,2	18,5
Бөлшек сауда көлемі бойынша	10,4	8,2	10,7	10,1
Көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау көлемі бойынша	15,1	15,6	16,3	16,5

Ескерту – (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі) дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Ел өңірлерінің экономикалық дамуындағы диспропорцияның ауқымы мен динамикасын талдау төменде көрсетілген әртүрлі көрсеткіштер бойынша байқалған тенденциялардың анық еместігін көрсетеді:

– өңірлер экономикасының даму деңгейіндегі көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау көлемі бойынша алшақтық, яғни ел өңірлерінің нақты секторында өндіріс ауқымын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер бойынша айқындалады;

– жан басына шаққандағы ЖӨӨ көрсеткіші, өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі және көліктің барлық түрлерімен жүктерді қайта тасымалдау көлемі, негізгі капиталға инвестициялар көлемі бойынша экономиканың кеңістіктік дамуындағы сәйкессіздіктер ұлғайды;

– ЖӨӨ көрсеткіші мен экономикада жұмыспен қамтылғандар саны бойынша сәйкессіздіктер төмендеді.

Яғни, бұл кеңістіктік дифференциация деңгейін талдау негізінде Қазақстан өңірлерінің экономикалық даму сипатына қатысты бірқатар тұжырымдар жасауға болады:

– өнеркәсіптік өндіріс және көліктік жүк айналымы саласындағы жоғары өңіраралық экономикалық дифференциация өңірлік экономика құрылымында оң ілгерілеулердің жоқтығын көрсетеді;

– экономикалық кеңістіктің біркелкі дамуының тереңдеуі депрессиялық өңірлердің сақталуына және жаңа проблемалы аумақтар мен елді мекендердің пайда болуына әкеледі;

– бөлшек сауда көлемі бойынша диспропорцияның ұлғаюы, сатып алу-сату бойынша құрылымдық ауытқулардың ұлғаюын көрсетеді.

Қазақстанның барлық өңірлерінің экономикалық әлеуеті мен бәсекеге қабілетті артықшылықтарын сипаттайтын интегралды индексін 2019 жыл бойынша есептесек (4-кесте).

**4-кесте** – Қазақстан өңірлерінің экономикалық әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігінің интегралды бағалау көрсеткіштері

Қазақстан өңірлері	Көрсеткіштер								
	К <sub>ЖӨӨ</sub>	К <sub>ӨӨК</sub>	К <sub>НКИК</sub>	К <sub>БСК</sub>	К <sub>Э</sub>	К <sub>ХҮ</sub>	К <sub>ЖД</sub>	К <sub>ОЖ</sub>	Қосындысы
Ақмола	0,028	0,027	0,027	0,029	0,008	0,842	0,88	0,751	2,443
Ақтөбе	0,043	0,063	0,048	0,033	0,036	0,789	0,92	0,838	3,415
Алматы	0,047	0,034	0,051	0,059	0,008	0,947	2,18	0,729	2,443
Атырау	0,134	0,268	0,344	0,026	0,367	0,632	0,72	1,879	5,989
Батыс Қазақстан	0,042	0,081	0,047	0,028	0,092	0,842	0,74	0,984	3,813
Жамбыл	0,023	0,016	0,024	0,040	0,006	0,789	1,14	0,680	2,933
Қарағанды	0,078	0,089	0,065	0,130	0,073	1,158	1,36	0,922	2,956
Қостанай	0,035	0,041	0,022	0,041	0,021	0,579	1,08	0,781	3,594
Қызылорда	0,026	0,029	0,032	0,043	0,008	0,895	0,74	0,814	3,42
Маңғыстау	0,053	0,099	0,044	0,024	0,087	1,158	0,72	1,574	4,134
Павлодар	0,044	0,068	0,039	0,048	0,049	1,184	0,86	0,860	3,116
Солтүстік Қазақстан	0,019	0,009	0,019	0,036	0,004	1,445	0,66	0,697	2,991
Түркістан	0,029	0,017	0,035	0,019	0,012	2,658	1,9	0,663	1,667
Шығыс Қазақстан	0,058	0,073	0,049	0,165	0,051	1,289	1,5	0,868	2,707
Нұр-Сұлтан қ.	0,113	0,030	0,073	0,046	0,108	0,316	1,22	1,428	5,783
Алматы қ.	0,195	0,034	0,065	0,199	0,061	0,368	2,36	1,199	4,894
Шымкент қ.	0,032	0,019	0,015	0,033	0,011	0,658	0,98	0,733	3,383
Ескерту – (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі) дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған									

Жүргізілген есептеулерге сәйкес, 2019 жылы экономикалық әлеуеттің және оның бәсекелестік артықшылықтарының интегралдық индексі жоғары деңгейдегі көшбасшы өңірлер тобына Атырау (5,989), Нұр-Сұлтан қаласы (5,783), Алматы қаласы (4,894), Маңғыстау облысы (4,134) кірді. Жүргізілген бағалауға сәйкес 2019 жылы өндірістік әлеуеті зор Атырау облысы көшбасшы өңір болды. Екінші орынды ел астанасы – еліміздің экономикалық, қаржылық орталығы Нұр-Сұлтан қаласы иеленді. Үшінші орында еліміздің туристік, инновациялық орталығы Алматы қаласы тұр.

Орташа көрсеткіштері бар өңірлер тобын келесі өңірлер: БҚО, Қостанай, Қызылорда, Ақтөбе, Шымкент к., Павлодар облыстары құрайды.

Көрсеткіштері төмен өңірлер тобында СҚО, Қарағанды, Жамбыл, ШҚО, Алматы, Ақмола және өңірлердің осы тобын Түркістан облысы тұйықтайды.

Соңғы уақытқа дейін Қазақстанның өңірлік саясаты іс жүзінде үнемі өсіп келе жатқан мемлекеттік бюджеттен берілетін трансферттер арқылы өңірлік теңсіздіктерді теңестіруге байланысты бірнеше рет сынға ұшырады.


Көптеген елдерде қолданылатын стратегиялардың бірі – ел аумақтары арасындағы теңсіздікті жеңілдету үшін бюджетаралық трансферттер және халықты әлеуметтік қолдау. Мысалы, Еуропада экономикалық қиындықтарға тап болған өңірлер сәтті өңірлерге қарағанда көп акша алады. Төмен

сұраныс пен халықтың табыс деңгейі жеке бизнесті жүргізуге және кеңейтуге басты кедергі болып табылады, сондықтан олар мемлекеттік секторда жұмыс орындарын құру арқылы жұмыссыздықпен күресуде (Martin R., 2015).

2019 жылдың қорытындысы бойынша ел өңірлерінің бюджеттік өзін-өзі қамтамасыз етуі төмен деңгейде қалып отыр. 17 өңір мен Республикалық маңызы бар қалалардың тек төртеуі ғана өзін-өзі асырай алады. Қалған субсидияланатын облыстардың кіріс бөлігі көп жағдайда трансферттерден тұрады. Қазақстанның донор өңірлерінің қатарына Алматы, Нұр-Сұлтан, Атырау және Маңғыстау облыстары кірді. Бұл 2019 жылдың қорытындысы бойынша жергілікті бюджеттің профициті болған жалғыз аумақтық бірліктер (нысаналы трансферттерді есепке алмағанда).

ҚР Қаржы министрлігі жариялаған Ұлттық қордың шотындағы қаражаттың қозғалысы туралы деректерге сүйенсек, 2019 жылы тапқан 2,8 трлн теңгенің 99,9%-ы мұнай секторынан түсетін салық түсімдеріне тиесілі. Географиялық тұрғыдан алғанда, бұл елдің батыс өңірлері (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсы).

Қаржылық қамтамасыз етілу деңгейін теңестіру үшін Бюджет кодексі шығындары кірістерден едәуір жоғары жергілікті бюджеттерге қосымша аударымдарды (субвенцияларды) бөлуді көздейді (2-сурет).



**2-сурет** – Артта қалған өңірлерге бөлінген субвенция көлемі, млрд. теңге  
Ескерту – (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі) дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған



Рэнкингтегі аутсайдерлер тізімін Түркістан облысы бастап тұр. 2019 жылы республикалық бюджеттен субвенция көлемі ол үшін 402 млрд теңгеден асты (нысаналы трансферттерді есепке алмағанда). Бұл экономикалық дамудың төмен деңгейімен (2019 жылы салық түсімдері небары 59 млрд теңгені құрады), сондай-ақ халықтың жоғары тығыздығымен, білім беруге (270 млрд теңгеден астам) және әлеуметтік көмекке (92 млрд теңге) шығындардың айтарлықтай деңгейімен байланысты.

Дотацияланатын өңірлер тізімінде екінші орында өнеркәсіптік дамыған Шығыс Қазақстан. Бұл өңірге 163,9 млрд теңге бөлінді. Өңірдің қара және түсті металлургиясының өнеркәсіптік алыптарының корпоративтік салығы республикалық қазынаға кететіндіктен, жергілікті бюджеттің меншікті кірістері ЖТС, әлеуметтік салық және акциздер есебінен қалыптастырылды. Өткен жылы бұл сома 112 млрд теңгені құрады. Бұл ақша ШҚО білім беру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, ауыл шаруашылығына деген өсіп келе жатқан қажеттіліктерін өтеуге жетпейді.

Аутсайдер үштігін Жамбыл облысы аяқтайды, бұл өңір үшін өткен жылы 161,9 млрд теңге көлемінде субвенция бөлінді. Бұл өңірдегі жағдай көршілес Түркістан облысына ұқсас. Салықтан түскен жеке табыс (56 млрд теңгеден сәл артық) жергілікті бюджет шығыстарының бастысы – білім берудің (133 млрд теңге) жартысын да өтемейді.

Кеңістіктік теңсіздіктің өлшемі бірнеше айнымалылар болуы мүмкін. Мысалы, кірістен басқа дисперсия, кедейлік деңгейі, орташа табыс немесе жан басына шаққандағы ЖІӨ біркелкі емес экономикалық даму шаралары болады (Schultz, 2017).

Енді ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен табысы бар халықтың үлесі (кедейшілік деңгейі) Қазақстан өңірлері бойынша қарастыратын болсақ, халықтың ең көп үлесі ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен өңір – Түркістан облысы – 10,8%. Екінші орында Шығыс Қазақстан облысында пессимистік көрсеткіш 6,2%-ды, және анти-көшбасшылардың үштігіне Солтүстік Қазақстан облысы – 5,6%-ды құрады. Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың ең азы елордада – Нұр-Сұлтан (1,1%), Қарағанды (2,5%) және Атырау (2,5%) облыстарында.

Алматы қаласында тұрақты жағдай сақталып отыр – өткен жылы да, биылғы жылы да кедейшілік деңгейі 2,8%-ды құрайды. Қызыл-

орда облысында да осындай жағдай – табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың пайызы мұнда екінші жыл 4,9%-ды құрайды.

Осы өңірлер арасындағы әлеуметтік-экономикалық теңсіздік елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіреді. Өңірлер арасында орын алған жағдай, яғни дифференциация мәселесі, ең алдымен мемлекеттік билік органдары тарапынан өңірлік мәселелерді шешу тәсілін қайта қарауды талап етеді.

Өңірлерді дамыту – мемлекеттік саясаттың негізгі мақсаттарының бірі болуы керек. Мемлекеттің міндеті – экономикалық дамуға әкелетін елдің барлық аумағының халқының өмір сүру сапасын арттыру. Аумақтардың мәселесін шешуде ресурстарды дұрыс әрі тиімді пайдалану, елдің тұтастығын және бірлігін сақтауға әкеледі.

### Қорытынды

Өңіраралық экономикалық дифференциацияны төмендету, артта қалған өңірлерді орта деңгейге дейін көтеру өңірлік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы дифференциациясы деңгейін азайту және өңірлердің экономикалық өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейін арттыру үшін келесі шараларды жүзеге асыруымыз қажет.

Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы дифференциациясы деңгейін азайту және өңірлердің экономикалық өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейін арттыру үшін мемлекет тарапынан келесі шаралар жүзеге асырылуы қажет:

Біріншіден, Қазақстан экономикасын шикізат экспортынан тәуелсіздікке жетелейтін жалғыз жол – бұл адами капиталды дамыту, ҒЗТҚЖ арқылы жаңа технологиялар мен тауарларды құру. Бұл экономикалық өсу үшін таусылмайтын ресурстар болып табылатын ғылыми-техникалық әзірлемелер, олардың құны мен сұранысы сыртқы экономикалық жағдайларға аз тәуелді.

Екіншіден, өңірлердің экономикалық өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейін арттыруды жергілікті халықтың және бизнес-орта өкілдерінің маңызды шешімдер қабылдау үдерістеріне тартылуын ұлғайтудан бастау қажет. Бұл қазіргі мәселелерге және өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсарту және бизнесті жүргізу мүмкіндіктеріне нақты қарауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, облыстық маңызы бар қалалар мен аудандардың, республикалық

маңызы бар қалалардың деңгейлерінен бастап әкімдердің сайланбалылығын енгізу қажет, олар жарыспалылық жағдайында басты өңірлік мәселелердің ең үздік және неғұрлым тиімді шешімдерін ұсына алады.

Үшіншіден, Қазақстан бірнеше жылдар бойы тиімді нарықтық экономика құру бағытын жүргізіп келеді. Сонымен қатар, аумақтарды дамыту жергілікті басқару органдарының өңірлік шаруашылыққа ықпал ету тетіктерінің әлсіздігімен тежеледі. Көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселелерді жергілікті билік деңгейінде республикалық басқару органдарының арала-

суынсыз шешуге болады. Жергілікті билікке халықтың қолдауына жүгінген жөн, туындаған мәселелерді оң шешу қажет.

ҚР-дағы көптеген өңірлердің дотациялық жағдайы қалыпты емес. Ең дұрысы, өңірлер өзін-өзі азықтандырып қана қоймай, ақша таба алуы керек. Пісіп-жетілген мәселелерді шешу үшін жергілікті атқарушы органдар тарапынан мотивация қажет. Олардың өңірдің орталық-экономикалық дамуы үшін жауапкершілігін арттыру қажет. Бизнесті дамыту үшін жағдайды жақсарту, жаңа өндірушілер мен инвесторларды тарту қажет.

### Әдебиеттер

- Voroshilov N.V., Gubanova E.S. (2018) Territorial Differentiation and Mechanism for its Reduction. *Economic and Social Changes: Facts, Trends, Forecast*, vol. 11(6), pp. 57-72.
- Zakharov A.A. (1999) Asymmetry of Federation. Moscow: TRIO publishing house.
- Kutscherauer A. (2008) Regional disparities in territorial development of the Czech Republic – their origin, identification and elimination. *Disparities and their impact on regional development*, vol. 1-11.
- Lavrovsky B.L. (1999) Measurement of regional asymmetry on the example of Russia. *Statistics Questions*, vol. 3, pp. 45-52.
- Masakov V. (1998) Regional social and economic asymmetry: approaches, estimates and methods of measurement. *Statistics Questions*, vol. 11, pp. 3-12.
- Kulikov V.F., Kitten T.S. (2000) Use of methods of the regressive analysis in statistical practice for expeditious short-term forecasting of some socio-economic indexes of the region. *Statistics Questions*, vol. 2, pp. 30-33.
- Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Ұлттық статистика бюросы <https://stat.gov.kz/>.
- Гаджиев Ю.А. Зарубежные теории регионального экономического роста и развития // Экономика региона. – 2009. – №2.
- Siebert H. (1969) Regional Economic Growth Theory and Policy. Scranton.
- Мюрдаль Г. Современные проблемы «третьего мира». Драма Азии. – М.: Прогресс, 1972. – 767 с.
- Сатыбалдин А.А., Нурланова Н.К. Политика пространственного развития экономики Казахстана: Новые принципы, ключевые приоритеты и механизмы реализации: Коллективная монография. – Алматы: Институт экономики Министерства образования и науки Республики Казахстан, 2017. – 484 с.
- Мұхтарова Қ.С., Смагулова Г.С. Аймақтық экономиканы басқару. – Алматы, 2016.
- Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 990 қаулысы, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000990>.
- Martin R. (2015) Rebalancing the spatial economy: the challenge for regional theory.
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсы <http://www.minfin.gov.kz/>.
- Schultz D. (2017) Regional disparities in economic development: lessons learned from the United States of America. *RUDN Journal of Public Administration*, vol. 4(2), pp. 180-201.

### References

- Gadzhiev Yu.A. (2009) Zarubezhnyye teorii regional'nogo ekonomicheskogo rosta i razvitiya [Foreign theories of regional economic growth and development]. *Ekonomika regiona*. №2.
- Kulikov V.F., Kitten T.S. (2000) Use of methods of the regressive analysis in statistical practice for expeditious short-term forecasting of some socio-economic indexes of the region. *Statistics Questions*, vol. 2, pp. 30-33.
- Kutscherauer A. (2008) Regional disparities in territorial development of the Czech Republic – their origin, identification and elimination. *Disparities and their impact on regional development*, vol. 1-11.
- Lavrovsky B.L. (1999) Measurement of regional asymmetry on the example of Russia. *Statistics Questions*, vol. 3, pp. 45-52.
- Martin R. (2015) Rebalancing the spatial economy: the challenge for regional theory.
- Masakov V. (1998) Regional social and economic asymmetry: approaches, estimates and methods of measurement. *Statistics Questions*, vol. 11, pp. 3-12.
- Muxtarova Q.S., Smagulova G.S. (2016) Aymaqtıq ékonomıkanı basqarw [Management of the regional economy]. Almaty.
- Myrdal' G. (1972) Sovremennyye problemy «tret'yego mira». Drama Azii [Modern problems of the “third world”. Drama of Asia]. M.: Progress, 767 p.

Öñirlerdi damıtwdıń 2020-2025 jıldarǵa arnalǵan memlekettik baǵdarlamasın bekitw twralı. Qazaqstan Respwblıkası Úkimetiniń 2019 jılǵı 27 jeltoqsandaǵı № 990 qawlısı [On approval of the State Program of Regional Development for 2020-2025. Resolution by Government of the Republic of Kazakhstan No. 990 of December 27, 2019]. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000990>.

Qazaqstan Respwblıkası Qarjı mınıstrliginiń internet-reswrsı [Internet resource of the Ministry of Finance of the Republic of Kazakhstan] <http://www.minfin.gov.kz/>.

Qazaqstan Respwblıkası Strategiyalıq josparlaw jáne reformalar agenttigi, Ulttıq statistika byurosı [Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan, National Bureau of Statistics] <https://stat.gov.kz/>.

Satybaldin A.A., Nurlanova N.K. (2017) Politika prostranstvennogo razvitiya ekonomiki Kazakhstana: Novye printsipy, klyuchevye priority i mekhanizmy realizatsii / Kollektivnaya monografiya [Politics of Spatial Development of the Economy of Kazakhstan: New Principles, Key Priorities and Mechanisms of Implementation / Collective Monograph]. Almaty: Institut ekonomiki Ministerstva obrazovaniya i nauki Respubliki Kazakhstan, 484 p.

Schultz D. (2017) Regional disparities in economic development: lessons learned from the United States of America. RUDN Journal of Public Administration, vol. 4(2), pp. 180-201.

Siebert H. (1969) Regional Economic Growth Theory and Policy. Scranton.

Voroshilov N.V., Gubanova E.S. (2018) Territorial Differentiation and Mechanism for its Reduction. *Economic and Social Changes: Facts, Trends, Forecast*, vol. 11(6), pp. 57-72.

Zakharov A.A. (1999) Asymmetry of Federation. Moscow: TRIO publishing house.